

Бородулиха ауданының аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарына) тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы

Күші жойған

Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 2010 жылғы 17 наурыздағы N 25-3-IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Бородулиха ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 15 сәуірде N 5-8-108 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы N 11-5-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 2012.12.21 N 11-5-V шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94 «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 97 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 «Тұрғын үй көмегін беру Ережесін бекіту туралы» Қаулысының негізінде Бородулиха аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қоса берілген Бородулиха ауданының аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарына) тұрғын үй көмегін көрсету Ережесі бекітілсін.

2. Бородулиха аудандық мәслихатының 2009 жылғы 9 ақпандағы № 16-10-IV «Бородулиха ауданы халқының әлеуметтік қорғалатын тобына сатып алған көмірге шыққан шығындарын өтеу және тұрғын үй - коммуналдық қызметтерге ақы төлеуі үшін тұрғын үй көмегін беру Ережелерін бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде 2009 жылғы 10 ақпанда № 5-8-74 санымен тіркелген, аудандық «Аудан тынысы» газетінің 2009 жылғы 13 ақпандағы № 7 (6269) санында жарияланған) шешімінің, Бородулиха аудандық мәслихатының 2009 жылғы 21 сәуірдегі № 17-9-IV «Бородулиха аудандық мәслихатының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде 2009 жылғы 28 сәуірдегі № 5-8-87 санымен тіркелген, аудандық «Аудан тынысы» газетінің 2009 жылғы 8 мамырдағы № 22-23 (6284-6285) санында жарияланған)

шешімінің қосымшасындағы 3) тармақшасының, 2009 жылғы 11 тамыздағы № 19 -3-IV «2009 жылғы 9 ақпандағы № 16-10-IV «Бородулиха ауданы халқының әлеуметтік қорғалатын тобына сатып алған көмірге шыққан шығындарын өтеу және тұрғын үй–коммуналдық қызметтерге ақы төлеу үшін тұрғын үй көмегін беру ережелерін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылдың 8 қыркүйегіндегі № 5-8-94 санымен тіркелген, аудандық «Пульс района» газетінің 2009 жылғы 11 қыркүйектегі № 42 (6304) санында жарияланған)) шешімінің күші ж о й ы л д ы д е п е с е п т е л с і н .

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 2010.06.09 N 28-4-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен

3. Осы шешім Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

В. Лопатин

<i>Аудандық мәслихат хатшысы</i>	<i>Б. Аргумбаев</i>
Бородулиха аудандық мәслихатының	
2010 жылғы 17 наурыздағы	
№ 25 - 3 - IV шешімімен	
бекітілген	

Бородулиха ауданының аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарына) тұрғын үй көмегін көрсету

Ережесі

1. Жалпы ережелері

1. Бородулиха ауданының аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарына) тұрғын үй көмегін көрсету ережесінде келесі негізгі ұғымдар п а й д а л а н ы л а д ы :

шекті жол берілетін шығыстар үлесі – отбасының шекті жол берілетін шығыстарының деңгейі айына күрделі жөндеуге және (немесе) ортақ меншіктегі кондоминиум объектілеріне күрделі жөндеу жүргізуге арналған қаражаттарды жинау жарналарына, коммуналдық қызметтер мен телефонға арналған абонеттік төлемдердің көбеюіне байланысты қызметтерге, телекоммуникация жүйесіне қосылуға, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалдама төлемдеріне отбасының

жиынтық табысының пайызбен есептегендегі қатысы;
отбасының жиынтық табысы - тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш
білдірілген тоқсанның алдындағы тоқсанда отбасы алған кірістердің жалпы
с о м а с ы ;

уәкілетті орган – жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын республикалық
маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың)
тұрғын үй көмегін жүзеге асыратын атқарушы органы;
аз қамтамасыз етілген отбасылар (азаматтар) – тұрғын үй көмегіне құқығы
б а р т ұ л ғ а л а р .

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха
аудандық мәслихатының 2010.06.09 N 28-4-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-
тармақтан қараңыз) шешімімен**

2. Тұрғын үй көмегі - сол жерде тұрақты тұратын және тұрғын үйдің иелері
немесе оның жалдаушысы (жалгерлері) болып табылатын азаматтарға (
отбасыларға) көрсетілетін атаулы әлеуметтік көмектің бір түрі болып табылады.

3. Тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметті тұтыну ақысының рұқсат
етілген шекті шығын үлесі отбасының жиынтық табысының 9 пайызы (%)
м ө л ш е р і н д е б е л г і л е н е д і .

**Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха
аудандық мәслихатының 2010.10.28 N 31-7-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-
тармақтан қараңыз) шешімімен**

2. Тұрғын үй көмегін беру шарттары

4. Тұрғын үй көмегі отбасының тұрғын ауданды ұстау мен коммуналдық
қызметтерді тұтынуға ақы төлеудің нақты шығындары, осы мақсаттарға шекті
жол берілетін шығыстар үлесінен артқанда тағайындалады. Сондағы отбасының
нақты шығындары әлеуметтік нормалардың шегінде есепке алынады.

5. Тұрғын үй көмегі - жергілікті жылыту орталығынан жылытылатын жеке
меншік үй жайларда тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларына жылына бір
рет, коммуналдық пәтерлерде тұратындарға тоқсан бойынша беріледі.

6. Тұрғын үй көмегін алуға келесі отбасылардың құқылары жоқ:

1) жеке меншігінде бір бірліктен артық үй-жайы (пәтер, үй) бар немесе
тұрғын үй-жайды жалға беретіндердің;

2) отбасы құрамында жұмыс істемейтін, оқу оқымайтын, әскер қатарында
жоқ, жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органда жұмыссыз ретінде
тіркелмеген жұмысқа жарамды адамдары бар отбасы; келесі тұлғаларды
қ о с п а ғ а н д а :

- бірінші, екінші топтағы мүгедектер және 18 жасқа дейінгі мүгедек

балалардың, сексен жастан асқандардың күтімімен айналысатындар;
- үш жасқа дейінгі бала тәрбиесімен айналысатын аналар; сонымен қатар төрт немесе одан да көп кәмелеттік жасқа толмаған бала тәрбиесімен айналысатындардан басқа;

3) отбасы құрамында заңды некеде тұратын адам бар болса, бірақ зайыбының қазіргі тұрғылықты жерін білмегендердің (көрсетпесе) және құқық қорғау органдарына бұл туралы мәлімдемегендердің;

4) егер ата-аналары ажырасқан болса, өздерімен бірге тұратын балаларына алимент өндіру туралы өтініш бермегендердің тұрғын үй көмегін алу құқықтары жоқ.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы мәслихатының 2011.06.13 N 36-8-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен

6-1. Егер тұрғын үйдің иесі немесе жалға алушысы бас бостандығынан айыру орындарында немесе уақытша ұстау изоляторында болса; туберкулез немесе психоневрологиялық диспансерлерде (стационарларда) емделіп жатса тұрғын үй көмегі бірге тұратын жақын туыстарына (әйеліне (күйеуіне), ата-анасына, балаларына, асырап алушыларына, асырап алғандарына, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы–інілер мен апалы–сіңілілеріне (аға-қарындастар), атасына, әжесіне, немерелеріне) тағайындалады.

Ескерту. 6-тармақ 6-1 тармақшамен толықтырылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 2010.12.28 N 33-9-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.

7. Ұсынылған жұмыстан немесе жұмысқа орналасудан себепсіз бас тартқан және өз еркімен қоғамдық жұмысқа қатысуды, оқуды немесе қайта оқуды тоқтатқан жұмыссыздар тұрғын үй көмегін алу құқығынан алты айға дейін айырылады.

8. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін азамат (отбасы) уәкілетті органға арыз жазады және келесі құжаттарды тапсырады:

- жеке басын растайтын құжаттың көшірмесі;
- тұрғын үй құқығын растайтын құжаттың көшірмесі;
- азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі;
- отбасының табысын растайтын құжаттың көшірмесі;

- ортақ меншіктегі кондоминиум объектілеріне күрделі жөндеу жүргізуге жұмсалған мақсатты жарналардың көлемі туралы есеп;

- кондоминиум объектілері басқару органы ұсынған, осы органның басшысы қол қойып, растаған және пәтерлерді жалға берушілер мен меншік иелерінің ортақ жиналысында бекітілген, жергілікті атқарушы органмен (тұрғын үй инспекциясымен) келісілген, ортақ меншіктегі кондоминиум объектілеріне

жекелей күрделі жөндеу жүргізуге арналған смета шығыстарының негізінде ортақ меншіктегі кондоминиум объектілеріне күрделі жөндеу жүргізуге арналған қаражаттарды жинау жарналарының ай сайынғы көлемі туралы есеп;
- коммуналдық қызметті пайдалануға арналған есеп;
- телекоммуникация қызметі үшін төленген түбіртек-есеп немесе байланыс қызметін көрсету келісім шартының көшірмесі;
- жергілікті атқарушы орган ұсынған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлемінің көлемі туралы есеп.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 2010.06.09 N 28-4-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен

9. Ереженің 8-тармағына сәйкес тұрғын үй көмегін алушылар өтініш білдірген тоқсанның алдындағы тоқсанға отбасының табысын растайтын құжаттарды, коммуналдық қызметтер жөніндегі анықтамаларды әр тоқсан сайын тапсырады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 2010.06.09 N 28-4-IV шешімімен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз)

10. Тапсырылған құжаттарды тексеру қорытындысы бойынша үй иегерінен отбасына сауалнама - өтініш толтырылады. Сауалнама - өтінішке отбасы өкілінің немесе отбасының атынан келіп отырған тұлғаның және уәкілетті орган өкілінің қолы қойылады.

11. Уәкілетті органның шешімі тұрғын үй көмегін тағайындаудың негізі болып табылады.

12. Электр жүйесімен, газбен, канализациямен, жылумен, қоқыс шығару, су құбырымен қамтамасыз ету және үй-жайды ұстау шығындары коммуналдық қызметтер туралы анықтамалар (түбіртектер) бойынша өтініш жасағанның алдындағы тоқсандағы орташа есеппен есептеледі. Электр жүйесмен, газбен, канализациямен, жылумен, қоқыс шығару, су құбырымен қамтамасыз ету қызмет көрсетушілердің тарифтері бойынша алынады.

12-1. Аз қамтамасыз етілген азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің мөлшері қолданыстағы абоненттік төлемақы мен 2004 жылғы қыркүйекте қолданылған абоненттік төлемақы арасындағы айырма ретінде анықталсын.

Ескерту. 2-бөлім 12-1-тармақпен толықтырылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы мәслихатының 2012.02.09 N 2-3-V шешімімен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

13. Үйде орталықтандырылған жылу жүйесі болмаған жағдайда жылу және ыстық су ақыларының мөлшері электроэнергияға есептелген сомадан әлеуметтік

н о р м а ға

с ә й к е

е с е п т е л е д і .

14. Жалғыз басты зейнеткерлерді, мүгедектерді, бірге тұратын жалғыз басты зейнеткерлерді, бірге тұратын зейнеткер мен мүгедекті және жалғыз тұратын ерлі-зайыпты зейнеткерлерді және мүгедектердің отбасыларын, сондай-ақ құрамында жетім балалары бар отбасыларды қолдау мақсатында, тұрғын үй көмегін есептегенде және құқығын анықтаған кезде, олардың табыстары Қазақстан Республикасының сол уақыт кезеңіне сәйкес бекітілген заңнамалық актілерімен екі айлық есептік көрсеткішке түзетіледі (шегеріледі).

14-1. Егер отбасының жан басына шаққандағы табысы кедейлік шегі мөлшерінен төмен болса, онда Қазақстан Республикасының сол уақыт кезеңіне сәйкес бекітілген заңнамалық актілерімен, тұрғын үйді ұстауға және тұрғын-үй коммуналдық қызметке ақы төлеуге тұрғын үй көмегін анықтау кезінде жиынтық табыс бір айлық есептік көрсеткішке түзетіледі (шегеріледі).

Ескерту. Ереже 14-1 тармақпен толықтырылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 2010.10.28 N 31-7-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен

15. Тұрғын үй көмегіне үміткер отбасыларына тұрғын үй көмегін тағайындау кезінде келесі шектеулер есепке алынады:

1) өтініш беруші заңды некеде болса, бірақ зайыбы сол мекен - жай бойынша тіркелмеген болса, ерлі - зайыптылардың екеуінің де табыстары есептеледі және жәрдемақы өтініш берушінің мекен - жайы бойынша тағайындалады.

2) өтініш берушінің үйінде 18 жасқа дейінгі бала тіркелген болса, ал ата-анасы басқа мекен - жайда тіркелсе, онда өтініш беруші ол баланың ата-анасының табыстары туралы анықтама тапсыруы қажет;

16. Тұрғын үй көмегі барлық қажетті құжаттарымен өтініш берген айдан бастап тағайындалады. Толық емес айға тұрғын үй көмегін алу құқығы туындаған кезде, тұрғын үй көмегі сол айдан кейінгі айдан бастап тағайындалады. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін құжаттар ағымдағы тоқсанның соңғы айының 25-жұлдызына дейін қабылданады.

17. Тұрғын үй көмегін алушылар 10 күн ішінде алынатын жәрдемақының мөлшеріне және тағайындау құқығына әсер ететін кез-келген өзгерістер туралы уәкілетті органға хабарлауы тиіс.

3. Тұрғын үй көмегінің мөлшері

18. Тұрғын үй көмегінің мөлшері меншік иесінің (жалгердің) өтемдік шараларымен қамтамасыз етілетін нормалар шегінде тұрғын үйді ұстау мен коммуналдық қызметтерді тұтынғаны үшін төленген нақты және отбасының осы мақсаттарға арналған рұқсат етілген шекті шығындар мөлшері арасындағы

айырымы ретінде есептеледі.

Тұрғын үй көмегінің мөлшерін белгілеу формуласы:

$$П = ТҮТЕЖӨТ - (t \times д)$$

П - тұрғын үй көмегінің мөлшері

ТҮТЕЖӨТ - тұрғын үйге төленетін ең жоғарғы әлеуметтік төлем

t - тұрғын үй төлемінің нормативтік шығыны (= 11%)

д - отбасының жиынтық табысы.

4. Тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтерді пайдалану нормативтері

19. Тұрғын үй көмегін есептеу кезінде келесі әлеуметтік норма қолданылады:

1) аудан нормасы:

- жалғыз тұратын азаматтар үшін – 30 ш.м.

- екі адамнан тұратын отбасылар үшін – 30 ш.м.

- үш немесе одан да көп адамдардан тұратын отбасылар үшін - әр адамға 15 ш.м., бірақ 38.52 ш.м. аспауы керек.

2) көгілдір отын шығындарының нормасы:

- көгілдір отынмен қамтамасыз етілген үйлерде тұратын отбасылар үшін – айына бір адамға 5,5 кг.

- жер үй құрылыстарында тұратын отбасылар үшін – айына бір баллон.

3) электр энергиясы жүйесін пайдалану нормасы:

- 1 адам тұрса – 72 кВт

- 2 адам тұрса – 114 кВт

- 3 және одан да көп адам тұрса - әр адамға 50 кВт

Тұрғын үйді қамтамасыз етуге қажетті су, жылу, қоқыс шығару шығыстарын пайдалану нормалары мен тарифтерін қызмет көрсететіндер ұсынады.

5. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер азаматтардың (отбасылардың) жиынтық табысын есептеу

20. Отбасының жиынтық табыстарын есептегенде табыстардың келесі түрлерінен басқа барлық түрлері есептеледі:

1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек;

2) 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы;

3) тұрғын үй көмегі;

4) қайтыс болған адамды жерлеуге төленетін бір жолғы жәрдемақы;

5) бала тууына байланысты төленетін бір жолғы мемлекеттік жәрдемақы;

6) есептік кезеңдегі белгіленген жалпы күн көріс сомсы мөлшерінен төмен ақшалай және заттай қайырымдылық көмек көрсету;

- 7) жеке ісін немесе қосымша шаруашылықты дамытуға материалдық көмек;
- 8) кездейсоқ жағдайлар салдарынан отбасы адамдарының денсаулықтарына және мүліктеріне келтірілген шығынды өтеу мақсатында отбасына көрсетілген көмек, жергілікті өкілетті органдарының шешімдерімен жеке санаттағы азаматтарға әлеуметтік төлемдер;
- 9) Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккендерге бір жолғы ақшалай өтемақы;
- 10) білім беру туралы заңнамаға сәйкес білім беру ұйымдарында көрсетілетін тегін тамақ және көмек;
- 11) асырап алушылардың табыстары асырап алынушылардың табыстарына қосылмайды.

21. Отбасы құрамында жоғары және арнаулы орта оқу орындарының күндізгі нысанында шарт негізінде оқитын студенттері бар отбасыларына тұрғын үй көмегін есептеу кезінде, оқуға ай сайын төленетін ақы мөлшері отбасының жиынтық табысынан кем болмауы тиіс.

22. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде келесі жағдайларда алименттер есептелмейді:

- 1) жұмыс істемесе және алименттер төлеу бойынша қарыздары болса немесе тұрғылықты жері белгісіз болса;
- 2) бас бостандығынан айыру орындарында немесе уақытша ұстау изоляторында болса;
- 3) туберкулез, психоневрологиялық диспансерлерде (стационарларда), емделу-еңбек профилакторияларында (ЕЕП) емделіп жатса немесе есепте болса;
- 4) Қазақстан Республикасымен тиісті келісімі жоқ мемлекеттерге үнемі тұруға кеткен жағдайларда.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы мәслихатының 2011.06.13 N 36-8-IV шешімімен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

23. Әділет органдарымен тұрақты тұрғылықты жерлері бойынша қолданыстағы заңнамаға сәйкес тіркелген тұлғалар отбасы құрамында есептеледі. Отбасының жиынтық табыстары өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсандағы отбасының барлық мүшелерінің және осы мекен-жай бойынша тіркелген басқа да адамдардың табыстарын қосу жолымен есептеледі.

24. Бір тоқсаннан көп мерзімге төленетін бір жолғы төлем алған кезде, жиынтық табыста алынған барлық табыс сомасын алынған айлар санына бөліп және 3 айға көбейтілген табыстың жиыны есепке алынады.

25. Ауылдық жерлерде тұратындар үшін қосалқы шаруашылықтан түскен табыс: бақша мен құс (өнім беретін тауықтар, үйректер, қаздар) болған жағдайда бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде; өнім беретін бір бас мал болған

жағдайда жеті айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде; өнім беретін екі, үш бас мал болған жағдайда он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде; өнім беретін төрт және одан да көп бас мал болған жағдайда он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде

6. Жергілікті жылу жүйесімен жылытылатын жеке меншік үй-жайларда тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін беру тәртібі

26. Жергілікті жылу жүйесімен жылытылатын жеке меншік үй - жайларда тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) арналған тұрғын үй көмегі тұрғын үйдің меншік иесіне, егер тұрғын үйді жалға алу шарты болса ж а л д а у ш ы л а р ғ а б е р і л е д і .

27. Жергілікті жылу жүйесімен жылытылатын, жеке меншік үй-жайларда тұратын отбасыларға тұрғын үй көмегін есептеген кезде тұрғын үй-жайдың тұрғын ауданының 1 шаршы метріне 129,8 кг, алайда бір үйге 5000 кг. мөлшерінен аспайтын көмір шығынының әлеуметтік нормасы есептеледі.

28. Көмір құнын есептеу үшін қала бойынша облыстық статистика басқармасы ұсынған орташа баға және тұрғын үй көмегін есептеген тоқсанның алдындағы тоқсанның соңғы айындағы жағдаймен алынған ақпарат қолданылады (наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан).

29. Жергілікті жылу жүйесімен жылытылатын жеке меншік үй құрылыстарында қолданылатын басқа отын түрлерінің құны мен шығын нормасы, тұрғын үй көмегін есептегенде көмірдің құны мен шығын нормасына б а л а м а р е т і н д е е с е п т е л е д і .

30. Көмір сатып алудың маусымдылығына байланысты тұрғын үй көмегін есептеген кезде тұрғын үйге арналған көмір шығынының барлық әлеуметтік нормасы өтініш берілген тоқсандағы үш ай үшін бір рет есептеледі.

31. Тұрғын үй көмегін есептеген кезде жеке меншік үй құрылысында тұратын отбасының орташа табысы өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсанға е с е п т е л е д і .

32. Бір үйдің бірнеше иесі болған жағдайда, онда тұрғын үй көмегі әр үй иесіне (отбасына) тағайындалады, сонымен қатар бір үйге әлеуметтік көмір нормасы әр отбасына алып отырған ауданына байланысты сайма - сай бөлінеді.

7. Тұрғын үй көмегін қаржыландыру және төлеу

33. Тұрғын үй көмегі аудандық бюджет қаражаттарының есебінен беріледі және ақшалай төлем түрінде белгіленеді.

34. Тұрғын үй көмегінің төлемі осы мақсаттарға жергілікті бюджеттен

бөлінген қаржаттар есебінен азаматтардың салымы бойынша шоттарына есептеу жолымен екінші деңгейдегі банктер (бұдан әрі тиісті банктер) арқылы жүргізіледі. Тұрғын үй көмегі төлемінің тәртібі мен шарты «ШҚО Бородулиха ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі және тиісті банктер арасында жасалған агенттік келісімімен белгіленеді .

35. алынып тасталды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 2010.06.09 N 28-4-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен

Бородулиха аудандық мәслихатының
2010 жылы 17 наурыздағы
№ 25 - 3 - IV шешіміне
№ 1 қосымша

Тұрғын үй көмегін алуға арыз

Ескерту. 1-қосымшаның атауы жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 2010.06.09 N 28-4-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.

201__ жылы __ тоқсанда Тіркеу № _____

Тұрғын үй көмегін ұсыну ұйымының атауы

1. **ОТБАСЫ** **ТУРАЛЫ** **МӘЛІМЕТ:**

Т.А.Ә. _____

Мекенжайы _____

Акт, шарт, жекешеліндіру, ордер _____

Телефон _____

Осы пәтерде тұратын отағасы және басқа отбасы мүшелері туралы деректер жазуыңызды өтінеміз

№ р/р	Отағасына туыстық қатынасы	Туған жылы	Жеке куәлігінің, туу туралы куәлігінің нөмірі	әлеуметтік жағдайы/ зейнеткер, жұмыссыз, кәсіпкер, оқушы
1				
2				
3				
4				
5				
6				

Табыстар туралы қосымша мәлімет:

1. Жеке қосалқы шаруашылықтан түсетін табыс _____

2. Кәсіпкерліктен түсетін табыс/салық басқармасынан анықтама _____

3. Алатын алименттер туралы мәлімет _____

2. ТҰРАТЫН ҮЙ-ЖАЙЫ ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ МӘЛІМЕТ

Жалпы ауданы _____ м², бөлме саны _____

И Ә Ж О Қ

_____ Үй жай/пәтер, бөлме/жалға берілеме?

_____ Жеке меншігіңізде бір үйден артық үй барма?

Үй-жайға ақы төлеуде иеленген жеңілдіктер құқығы салдарынан пәтерге немесе коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша отбасы жеңілдіктерге иеме?

Жеңілдікке куәлік № _____ берілген күні _____

3. Тапсырылған коммуналдық қызметтер туралы мәлімет

г а з

_____ эл.энергия

4. Қосымша мәлімет _____

5. Жауапкершілік

Өтініште көрсетілген отбасы құрамы және мүлкі, отбасы мүшелерінің табысы туралы мәліметтердің толық және нақты екендігін растаймын. Жалған мәліметтер берген жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылуға келісемін. Сонымен қатар жалған мәліметтер берілген жағдайда тұрғын үй көмегі төлемінің тоқтатылатындығын мойындаймын

К ү н і _____

Қолы _____

қабылданған құжаттар саны _____

маман _____

К ү н і _____

Қолы _____

қабылданған құжаттар саны _____

маман _____

Бородулиха аудандық мәслихатының

2010 жылғы 17 наурыздағы

№ 25 - 3 - IV шешіміне

№ 2 қосымша

**САТЫП АЛҒАН КӨМІР ТУРАЛЫ
АКТ**

Ескерту. 2-қосымша алынып тасталды - Шығыс Қазақстан облысы
Бородулиха аудандық мәслихатының 2010.06.09 N 28-4-IV (қолданысқа енгізілу
тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК